

Хаттама №1

2020 жылдың 30 мамыры күні «Кешкі мектеп» КММ бойынша құрылған
Қамқоршылық кеңесінің отырысы өтті

Қатысқандар:

Мектеп директоры: А.К.Изимова
ДОЖО Х.Т.Жумабаева
ДТЖО К.Абуева
Қамқоршылық кеңес төрағасы-А.Попова
Мүшелері:
1. А.Ерофимев
2. Е.Сайфеденов
3. Н.Қожантаев
4. Ш.Досалина
5. Р.Мурзагалиева
6. Т.Ларина
Әлеуметтік педагог А.Ж.Уразақова
Ата-аналар комитеті төрайымы Г.Исмаганбетова

Күн тәртібінде:

1. «Оқушылардың әлемдік пандемия жағдайында қашықтықтан білім алудың білім сапасына әсері» ДОЖО Х.Жумабаева
2. Оқушылардың жазғы каникул мезгіліндегі қауіпсіздігі. ДТЖО К.Абуева

Тыңдалды:

1. ДОЖО Х.Жумабаева биылғы оқу жылының ерекшеліктеріне, әлемді жайлаған пандемияның оқушылардың өміріне және білім сапасына әсеріне тоқталып өтті. Былтырдан белең алған пандемияның жағымсыз әсері бүкіл өмірімізден орын алды. Тәжірибеде бұрын-соңды қолданылмаған қашықтықтан оқыту қолға алынды. Бұл жүйені қолданып, алдымен мұғалімдерді, содан соң оқушыларды үйрету үшін көп күш жұмсалды. Әрине, қашықтықтан оқыту білім сапасына әсер етпей қоймады. Х.Жумабаева осы тақырып бойынша жан-жақты тоқталып өтті.

2. ДТЖО К.Абуева оқушылардың жазғы каникул кезіндегі қауіпсіздігі туралы мәлімет беріп, әсіресе суға түсу кезіндегі қауіпсіздікке тоқталып өтті. Бұдан да басқа адам өміріне, соның ішінде оқушылардың өміріне қауіп төндіретін нәрселерді ерекше атап өтті.

Сұрақ болған жоқ

Сөйлеушілер: Мектеп директоры А.Изимова

Оқушылардың жазғы каникул мезгіліндегі оқушылар өмірінің қауіпсіздігі ең алдымен ата-анаға жүктелетіндігін басты назарда ұстау керектігін айтып өтті. Сондықтан қандай жағдайда болмасын, оқушыларды бақылауда ұстау керек. Олардың денсаулықтарына абай болу керектігін ескертті. Сақтық шараларын үнемі есте сақтау қажеттілігін де атап айтты.

Шешім:

1. Оқушылардың жазғы каникул кезінде пандемия кезінде нашарлап кеткен білімдегі олқылықтардың орны толтырылсын.
2. Жазғы каникул кезінде оқушылардың қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі ата-аналарына тапсырылсын.

Жиналыс басшысы:

Жиналыс хатшысы:

А.Попова

Т.Ларина

Хаттама №2

2020 жылдың 23 қыркүйек күні «Кешкі мектеп» КММ бойынша құрылған
Қамқоршылық кеңесінің отырысы өтті

Қатысқандар:

Мектеп директоры: А.К.Изимова
ДОЖО Х.Т.Жумабаева
ДТДЖО К.Абуева
Қамқоршылық кеңес төрағасы-А.Попова
Мүшелері:
1. А.Ерофимев
2. Е.Сайфеденов
3. Н.Қожантаев
4. Ш.Досалина
5. Р.Мурзагалиева
6. Т.Ларина
Әлеуметтік педагог А.Ж.Уразақова
Ата-аналар комитеті төрайымы Г.Исмаганбетова

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. Әлеуметтік осал топтағы отбасы балаларының әлеуметтік жағдайы туралы.

Тыңдалды:

1. **ДТДЖО К.Абуева** Қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеттері туралы айтып өтті. Ол қамқоршылық кеңестің мақсаты білім беру ұйымына қолдау көрсету, материалдық-техникалық базасының нығаюына септігін тигізу, сондай-ақ, оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу екендігін атап өтті. Қамқоршылық кеңестің функцияларына тоқталды. Қамқоршылық кеңестің функцияларының бірі-әлеуметтік тұрғыдан нашар қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға барынша қолдау көрсету болып табылады. Сонымен қатар білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу екендігін атап өтті.
2. Әлеуметтік осал топтағы отбасы балаларының әлеуметтік жағдайы туралы әлеуметтік педагог А.Уразақова айтып өтті. Мектеп бойынша бұл топта барлығы 12 оқушы бар. Олардың әлеуметтік тұрмыс жағдайларына зерттеу жасалып, тиісінше актілер жасалды. Бұл топтағы оқушыларға мектептің міндетті қорынан әлеуметтік көмек көрсетілетіндігін атап өтті.

Сұрақ болған жоқ

Сөйлеушілер: Мектеп директоры А.Изимова

Білім мен тәрбиенегізінің мектептен бастауалатыны, яғни, осы бағыттағы үрдістің ата-ана, мектеп, мұғалім үштігі болып бірге жұмыс жүргізгенде ғана жүзеге асатыны белгілі. «Мектепкежол» акциясының оту барысында мектептен түскен қаржыны сынып жетекшілердің тапсырған сұранысы бойынша қарап, арнайы комиссия мүшелері анықтап, аз қамтылған оқушыларды керекті киім-кешекпен, оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отыр.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Н.Қожантаев. Күн тәртібінде қаралған мәселелерді тыңдадық. Балалардың себепсіз сабақ алдырмауын, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, ата-аналар тарапынан бақылау, қадағалау жүргізу керек. Қайырымдылық көмекті әлеуметтік жағдайына қарап, күнкөрісі төмен отбасылардың балаларына таратылып берілуі дұрыс деп есептеймін.

Мәслихаттармен, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерімен, жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастықта жұмыс жасауымыз керек.

Ұсыныс: Ата-аналар, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер тарапынан жасөспірімдер арасында құқық бұзушылыққа жол бермеу, бақылауды күшейту. Әлеуметтік осал топтағы отбасы балаларына киім-кешекпен, оқу құралдарымен болсын, қолдан келгенше көмек көрсету, қажеттілігін қамтамасыз ету.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңес жұмысын жандандыру қолға алынсын.
3. Әлеуметтік осал топтағы отбасы балаларына мектептен материалдық көмек көрсетілсін.

Жиналыс басшысы:



А.Попова

Жиналыс хатшысы:



Т.Ларина

Хаттама №3

2020 жылдың 22 желтоқсан күні «Кешкі мектеп» КММ бойынша құрылған
Қамқоршылық кеңесінің отырысы өтті

Қатысқандар:

Мектеп директоры: А.К.Изимова
ДОЖО Х.Т.Жумабаева
ДТДЖО К.Абуева
Қамқоршылық кеңес төрағасы-А.Попова

Мүшелері:

1. А.Ерофимев
2. Е.Сайфеденов
3. Н.Қожантаев
4. Ш.Досалина
5. Р.Мурзагалиева
6. Т.Ларина

Әлеуметтік педагог А.Ж.Уразақова
Ата-аналар комитеті төрайымы Г.Исмаганбетова

Күн тәртібінде:

1. Қайырымдылық акция жұмыстарының жүргізілуін бақылау, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету. Әлеуметтік педагог А.Уразақова
2. Оқытудың жаңартылған мазмұны («Күнделік» электронды мектеп журналдарын ұстау, критериалды бағалау жүйесі туралы, қосымша білім беру ерекшеліктері) аясында ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы. **Х.Жумабаева.**
3. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу. «Қауіпсіз мектеп» акциясының жүру барысы. **К.Абуева.**

Тыңдалды:

1. ДТДЖО К.Абуева, әлеуметтік педагог А.Уразақова

Мектеп бойынша аз қамтылған отбасылардан шыққан 12 оқушыға материалдық көмек көрсетілді. Олар жылы киім-кешекпен қамтамасыз етілді.

2. Оқытудың жаңартылған мазмұны («Күнделік» электронды мектеп журналдарын ұстау, критериалды бағалау жүйесі туралы, қосымша білім беру ерекшеліктері) аясында ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы айтып өтті. Мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдер біліктілігін арттыру курсынан өтті.

3. ДТДЖО К.Абуева балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, «Қауіпсіз мектеп» акциясының жүру барысы туралы мәлімет берді.

Сұрақ болған жоқ

Сөйлеушілер: Мектеп директоры А.Изимова

Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары арнайы іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспарлы түрде көптеген шаралар алынды. Қазіргі уақытта күрделі мәселе- отбасындағы зорлық-зомбылықтың көбеюі. Аталған мәселе бойынша ата-аналар жиналысы, педкеңес т.б жиналыстарда күн тәртібіне қойылып, арнайы қаралып отыр.

Қамқоршылық кеңес төрағасы А.Попова: Күн тәртібінде қаралған мәселелерді тындадық. Оның ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мектепте болған уақыттағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үнемі күн тәртібінен түспеуі тиіс.

Балалардың себепсіз сабақ қалдырмауын, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, ата-аналар тарапынан бақылау, қадағалау жүргізу керек. Қайырымдылық көмекті әлеуметтік жағдайына қарап, күнкөрісі төмен отбасылардың балаларына таратылып берілуі дұрыс деп есептеймін.

Мәслихаттармен, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерімен, жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастықта жұмыс жасауымыз керек.

Ұсыныс: Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында іс-шараларын жүргізе отырып, ата-аналар, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер тарапынан жасөспірімдер арасында құқық бұзушылыққа жол бермеу, бақылауды күшейту.

Шешім:

1. Әлеуметтік осал топтағы отбасыларынан шыққан оқушылардың әлеуметтік жағдайы үнемі бақылауда ұсталсын.
2. Жаңартылған білім мазмұны бойынша жұмыстар күшейтілсін.
3. Мектепте оқушылардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілісін.

Жиналыс басшысы:

 А.Попова

Жиналыс хатшысы:

 Т.Ларина

Хаттама №4

2021 жылдың 21 қаңтары күні «Кешкі мектеп» КММ бойынша құрылған
Қамқоршылық кеңесінің отырысы өтті

Қатысқандар:

Мектеп директоры: А.К.Изимова

ДОИЖО Х.Т.Жумабаева

ДТИЖО К.Абуева

Қамқоршылық кеңес төрағасы-А.Попова

Мүшелері:

1. А.Ерофимев

2. Е.Сайфеденов

3. Н.Қожантаев

4. Ш.Досалина

5. Р.Мурзагалиева

6. Т.Ларина

Ата-аналар комитеті төрайымы Г.Исмаганбетова

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесі жұмысының жылдық есебі.
2. Жыл бойы жасалған жұмыстарды сараптау, ұсыныс-пікірлер айту.

Тыңдалды:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Попова 20.02.2018 жылы мектепшілік ата-аналар жиналысында мектептің Қамқоршылық кеңесі құрылып, төрағасы сайланып, құрамына 7 мүше кірген болатын. Алғашқы отырыста кеңестің мақсаты мен міндеттері таныстырылып, жылдық жоспар жасақталған болатын. Одан кейін кеңес жоспары бекітіліп, жұмысы жалғасты. 2020 Қыркүйекте мектеп бойынша «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті. Аз қамтылған оқушыларға материалдық көмек көрсетілді. Қамқоршылық кеңес мүшелері бір-бірімен тығыз байланыста болып, әлі де әлеуметтік көмекке, мұқтаж отбасыларға көмек көрсету керектігін айтты.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің жыл бойына атқарылған жұмысы қанағаттанарлық деп бағалынсын.
2. Келесі оқу жылында әлеуметтік көмекке мұқтаж аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету мақсатында кәсіпкерлерді тарту қолға алынсын.

Жиналыс басшысы:

Жиналыс хатшысы:



А.Попова

Т.Ларина

Хаттама №5

2021 жылдың 21 желтоқсан күні «Кешкі мектеп» КММ бойынша құрылған
Қамқоршылық кеңесінің отырысы өтті

Қатысқандар:

Мектеп директоры: А.К. Изимова
ДОГЖО Х.Т. Жумабаева
ДТІЖО К.Абуева
Қамқоршылық кеңес төрағасы - А.Попова
Мүшелері:
1. А.Ерофимев
2. Е.Сайфеденов
3. Н.Қожантаев
4. Ш.Досалина
5. Р.Мурзағалиева
6. Т.Ларина
Ата-аналар комитеті төрайымы Г.Исмаганбетова

Күн тәртібінде:

3. Қамқоршылық кеңесі жұмысының жылдық есебі.
4. Жыл бойы жасалған жұмыстарды сараптау, ұсыныс-пікірлер айту.

Тыңдалды:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Попова 20.02.2018 жылы мектепшілік ата-аналар жиналысында мектептің Қамқоршылық кеңесі құрылып, төрағасы сайланып, құрамына 7 мүше кірген болатын. Алғашқы отырыста кеңестің мақсаты мен міндеттері таныстырылып, жылдық жоспар жасақталған болатын. Одан кейін кеңес жоспары бекітіліп, жұмысы жалғасты. 2020 Қыркүйекте мектеп бойынша «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті. Аз қамтылған оқушыларға материалдық көмек көрсетілді. Қамқоршылық кеңес мүшелері бір-бірімен тығыз байланыста болып, әлі де әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға көмек көрсету керектігін айтты.

Шешім:

3. Қамқоршылық кеңестің жыл бойына атқарылған жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
4. Келесі оқу жылында әлеуметтік көмекке мұқтаж аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету мақсатында кәсіпкерлерді тарту қолға алынсын.

Жиналыс басшысы:

Жиналыс хатшысы:



А.Попова

Т.Ларина